

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Балаларды сауықтыру және бейіндік лагерьлерде тәрбиелеу мен дамыту ортасын қалыптастыру» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Балаларды сауықтыру және бейіндік лагерьлерде тәрбиелеу мен дамыту ортасын қалыптастыру» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) балаларды лагерьлерде тәрбиелеу және дамыту ортасын қалыптастыруға қатысты мәселелер шеңберін қамтиды, педагогтердің теориялық, практикалық білімдерін жаңартуды және кәсіби дағдыларын кеңейтуді, оларға әдістемелік білім беруді көздейді, демалыс кезеңінде балалар бейінді лагерьінің жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетуді қарастырады.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленді.

3. Бағдарлама сауықтыру және бейіндік лагерьлерде білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтер мен мамандардың кәсіби және педагогикалық шеберлігін арттыруға бағытталған.

4. Бағдарлама өзекті, себебі білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілетін, сондай-ақ балалардың демалысының қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалатын білім беру-сауықтыру және балалардың бейіндік лагерьлерінің қызметін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді.

5. Бағдарлама балалардың демалысын ұйымдастырудағы әлемдік трендтерді ескереді, олар білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімделулері мен қабілеттерін ескеруді, балалардың өзара іс-қимылы мен шығармашылығы үшін қолайлы жағдайлар жасауды, шығармашылық, танымдық және жобалық дағдыларды дамытуды, қашықтықтан жұмыс түрлерін белсенді пайдалануды, балалардың күшті жақтарын дамыту үшін бейінді ауысымдарды ұйымдастыруды, оларды әлеуметтендіруге бағытталған іс-шараларды өткізуді қамтиды.

2-бөлім. Глоссарий

6. Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

1) балаларға қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі;

2) балалардың бейіндік лагері – білім алушылардың мүдделерін, бейіндері мен қабілеттерін ескере отырып, бейіндік бағыт бойынша балаларды тәрбиелеу, қосымша білім беру және демалу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы;

3) тәрбиенің бейіндік бағыты – білім алушылардың мүдделерін, бейімділіктері мен қабілеттерін ескере отырып айқындалатын білім беру-сауықтыру, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары мен балалар бейіндік лагерлері қызметінің нысаны;

4) балалардың демалысы мен сауықтырылуы – балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, олардың денсаулығын қорғауды және нығайтуды, аурулардың алдын алу, дене шынықтырумен, спорт және туризммен айналысу, балаларда салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, олардың тамақтану тәртібін сақтау, қолайлы қоршаған ортада өмір сүруін қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

5) конфликтология – дау-дамайларды, олардың табиғатын, себептерін, сипаттамаларын және шешімдерін зерттейтін ғылым;

6) коучинг – оқыту барысында «коуч» білім алушыға мақсатқа жетуге көмектесетін оқыту әдісі;

7) көшбасшылық (психологияда) – әлеуметтік ықпал ету үдерісі, соның арқасында көшбасшы мақсатқа жету үшін қоғамдастықтың басқа мүшелерінің қолдауына ие болады;

8) менеджмент – ұйымның тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи технологиялар, принциптер, әдістер, құралдар мен басқару формаларының жиынтығы;

9) мобилография – бұл өзін-өзі көрсетудің жаңа тәсілі және адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа құралы;

10) педагогикалық технология – оқыту мен тәрбие әдістерінің, нысандарының, білім беру құралдарын анықтайтын психологиялық-педагогикалық ұстанымдардың жиынтығы;

11) бейінді ауысым – оқушылардың қызығушылықтары, бейімділіктері мен қабілеттері ескерілетін, олардың танымдық және кәсіби ниеттеріне сәйкес барынша дамыту үшін жағдайлар жасалатын оқу-тәрбие жұмысының нысаны;

12) тәлімгер – балалар бірлестігімен жұмыс жасайтын педагог;

13) топтық жұмыс – топтың барлық мүшелерінің күш-жігері;

14) тренинг – интерактивті оқыту нысаны, оның мақсаты қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту болып табылады.

3-бөлім. Бағдарлама тақырыптары

7. Бағдарламаның мазмұны төрт модульден құрылады:

- 1) нормативтік құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) теориялық-технологиялық;
- 4) практикаға бағдарланған.

8. Нормативтік құқықтық модуль каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыратын білім беру ұйымдарының заңнамалық, нормативтік құқықтық базасын жаңарту жөніндегі сұрақтарды ашады.

Модульдің тақырыптары:

- 1) Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму перспективалары;
- 2) балалар лагерьлерінің қызметін және балалардың демалысы мен сауықтыру саласын реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;
- 3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негіздері.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс бойынша білімді жетілдіруді, бала тұлғасын дамыту, балалардың жас ерекшеліктері, балалар бірлестігінің қалыптасу заңдылықтарын, тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін, тұлғааралық және топтық дау-дамайлардың пайда болуы мен алдын алу мәселелерін қарастырады.

Модульдің тақырыптары:

- 1) лагерьде уақытша балалар ұжымын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері;
- 2) әлеуметтік және тұлғааралық дау-дамайлар. Дау-дамайлардың түрлері және олардың құрылымы;
- 3) балалар демалысы және сауықтыру саласындағы әлеуметтік әріптестік;
- 4) балалар лагерінің ұжымындағы психологиялық климат.

10. Теориялық-технологиялық модуль балалар мен жасөспірімдердің демалысын ұйымдастыру әдістемесі, ауысымды ұйымдастыру логикасы, тәлімгер шеберлігі негіздері бойынша білімді жетілдіруді қарастырады, ұжымды қалыптастырудың негізгі тәсілдерін және жұмыстың шағын түрлерін, балалардың тұлғасын дамытуға, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге бағытталған тәрбие және білім беру қызметінің сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық технологияларды ашады.

Модульдің тақырыптары:

- 1) сауықтыру және бейінді лагерьдегі балалар ұжымымен педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері;
- 2) сандық технологияның жаңа формалары мен түрлері: CapCut көмегімен оқу іс-шаралары бар бейнероликтерді редакциялау, топтық жұмысты орындау кезінде PhotoRoom фоторедакторы мен Leto Fonts әмбебап графикалық редакторын пайдалану, мобилография әдістерін қолдану: әлеуметтік желілерде орналастыру үшін сапалы видео түсіру және монтаждау;
- 3) балалар демалысы саласындағы маркетинг және коммуникация;
- 4) балалардың сауықтыру және бейіндік лагеріндегі педагогикалық менеджмент.

11. Практикалық-бағдарланған модуль каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтыруды ұйымдастыру әдістері туралы білімді жетілдіруді, балалар күндіз болатын мектеп жанындағы лагерьде жұмыс істеуді, педагогтардың жылжымалы және рөлдік ойындардың қажетті жиынтығын практикалық меңгеруін көздейді.

Модульдің тақырыптары:

1) балалар күндіз баратын мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінде жұмысты ұйымдастыру әдістемесі;

2) сауықтыру және бейіндік лагерьде ауысымдарды ұйымдастыру;

3) сауықтыру және бейіндік лагерьде әр баланың мықты жақтарын анықтау және дамыту әдіс-тәсілдері;

4) балалар сауықтыру және бейіндік лагерінде «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» жобаларын іске асыру әдістемесі;

5) сауықтыру және бейіндік лагерьде басқаруды ұйымдастырудың заманауи модельдері;

6) заманауи көшбасшы: дағдылары, көшбасшылық құзыреттері;

7) сауықтыру және бейіндік лагерьде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің инновациялық нысандары;

8) сауықтыру және бейіндік лагеріндегі балаларға арналған қимыл-қозғалыс және рөлдік ойындар;

9) сауықтыру және бейіндік лагерь кезінде балалармен жұмыс атқару алгоритмі;

10) балалардың сауықтыру және бейіндік лагері жағдайындағы өмір сүру қауіпсіздігі;

11) сауықтыру және бейіндік лагерьде ойындар мен жарыстарды өткізу әдістемесі;

12) балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасындағы коуч-технологиялар;

13) балалардың сауықтыру және бейіндік ұйымының қызметіне әдістемелік қолдау.

12. Білім беру бағдарламасының жаңашылдық дәрежесі балалардың сауықтыру және бейіндік лагерьлерде тәрбиелеу және дамыту ортасын қалыптастыруға кешенді тәсіл болып табылады. Бағдарлама балалардың физикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және психикалық дамуы үшін жағдай жасауды ескереді, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттері мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған. Бейіндік лагерьде әр баланың күшті жақтарын анықтау және дамыту әдістері мен тәсілдері, өйткені олар психология мен педагогика саласындағы заманауи зерттеулерге негізделген.

Талдау Бағдарламаның балаларға қосымша білім беру жүйесінде теңдесі жоқ екенін көрсетті, бұл бағдарлама балаларды сауықтыру және бейіндік лагерьлерде тәрбиелеуші және дамытушы ортаны қалыптастыру бойынша

бірегей болып табылады.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

13. Бағдарлама мақсаты: балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың жаңа технологияларын меңгеру арқылы балалар демалысын ұйымдастыру саласындағы бейін бойынша педагогтер мен мамандардың кәсіптік құзыреттерін жетілдіру.

14. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды сауықтыру және бейіндік лагерьде балалардың демалысын және сауықтыруын ұйымдастыру жөніндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердегі жаңартулармен, балалар лагерьлерінің ұйымдастырушылық нысандарын дамытудағы қазіргі заманғы үрдістермен таныстыру;

2) балалардың сауықтыру және бейіндік демалысын ұйымдастыру әдістемесін іске асыру бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және дамыту;

3) тыңдаушылардың бойында тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту (стратегиялық ойлау, бастамашылдық, дербестік, шығармашылық, көп тапсырма және белгісіздік жағдайында міндеттерді табысты шешу қабілеті, кәсіби ұтқырлық және т. б.);

4) балалардың демалыс және сауықтыру лагерлерінде жұмыс істеу үшін педагогтерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

15. Курстың соңында каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыратын педагогтер мен бейіні бойынша мамандардың білімдері жаңартылады және кәсіби құзыреттілік дағдылары жетілдіріледі.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

сауықтыру және бейіндік лагерьлердің қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негіздерін;

демалыс және сауықтыру ұйымдарының қызметін жоспарлау және ұйымдастыру тұжырымдамасын;

балалардың сауықтыру мен бейіндік лагерінде менеджменттің негізгі әдіснамалық тәсілдері мен принциптерін;

балалар лагерьлерінің ұйымдастырушылық формаларын дамытудағы заманауи тенденцияларды;

2) меңгереді:

сауықтыру мен бейіндік лагерьдің ұйымдастыруды басқару құрылымының тиімділігін жобалау мен бағалауды жүзеге асыруды;

сауықтыру мен бейіндік лагерь жағдайында тәрбие жұмысының әртүрлі түрлерін қолдануды;

сандық технологиялардың жаңа формалары мен түрлерін қолдану: CapCut

көмегімен оқу іс-шараларымен бейнероликтерді редакциялау, топтық жұмысты орындау кезінде PhotoRoom фоторедакторын, Leto Fonts әмбебап графикалық редакторын пайдалануды, мобилография әдістерін қолдану: әлеуметтік желілерде орналастыру үшін видеоны сапалы түсіру және монтаждауды орындау;

3) дағдыланады:

басқару шешімдерін таңдау әдістері, тәсілдері және технологиясы;

балалар күндіз баратын мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінде жұмысты ұйымдастыру әдістемесімен;

сауықтыру мен бейіндік балалар лагерлерінде бейінді ауысымдарды ұйымдастыруды;

балалардың демалысы мен сауықтыру саласында басқаруды ұйымдастырудың заманауи модельдерін;

сауықтыру мен бейіндік лагерінде қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс атқарудың инновациялық нысандарын;

сауықтыру мен бейіндік лагерь кезінде тәлімгердің балалармен жұмыс істеу алгоритмін;

сауықтыру мен бейіндік лагерде ойындар мен жарыстарды өткізу әдістемесін;

коуч-технологияларын.

16. Бағдарламаның практикалық маңыздылығы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру және алған білімдерін цифрлық технологиялардың жаңа нысандары мен түрлерін, басқару шешімдерін таңдау әдістері, тәсілдері мен технологияларын, балалар күндізгі болатын мектеп жанындағы лагерьде жұмысты ұйымдастыру әдістемелерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің инновациялық нысандарын, тәлімгердің балалармен жұмыс алгоритмін пайдалану арқылы практикалық жұмыста қолдану болып табылады, сауықтыру және бейіндік лагерьде ойындар мен жарыстарды, коуч-технологияларды өткізу әдістемелері.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

17. Бағдарлама құрылымы:

1) жалпы ережелер;

2) глоссарий;

3) бағдарлама тақырыптары;

4) бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;

5) бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;

6) оқу процесін ұйымдастыру;

7) бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;

8) оқыту нәтижелерін бағалау;

9) курстан кейінгі қолдау;

10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізбесі.

18. Теориялық және практикалық сағаттар санын көрсете отырып, ұзақтығы 80 академиялық сағат болатын бағдарлама жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1.	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі	2	2	0
1.2	Балалар лагерлерінің қызметін және балалар демалысы мен сауықтыру саласын реттейтін заңнамалақы және нормативтік құқықтық актілер	2	2	0
1.3	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негіздері	2	2	0
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Лагерьде уақытша балалар ұжымын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері	4	2	2
2.2	Әлеуметтік және тұлғааралық дау-дамайлар. Дау-дамайлардың түрлері және олардың құрылымы	4	2	2
2.3	Балалар демалысы және сауықтыру саласындағы әлеуметтік әріптестік	2	0	2
2.4	Балалар лагерінің ұжымындағы психологиялық климат	2	2	0
3.	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Сауықтыру және бейіндік лагерьдегі балалар ұжымымен педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	4	2	2
3.2	Цифрлық технологияның жаңа формалары мен түрлері: CapCut көмегімен оқу іс-шаралары бар бейнероликтерді редакциялау, топтық жұмысты орындау кезінде PhotoRoom фоторедакторы мен Leto Fonts әмбебап графикалық редакторын пайдалану, мобилография әдістерін қолдану: әлеуметтік желілерде орналастыру үшін сапалы видео түсіру және монтаждау	8	2	6
3.3	Балалар демалысы саласындағы	2	2	0

	маркетинг және коммуникация			
3.4	Сауықтыру және бейіндік лагеріндегі педагогикалық менеджмент	4	2	2
4.	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	Балалар күндіз баратын мектеп жанындағы жазғы лагерінде жұмысты ұйымдастыру әдістемесі	2	0	2
4.2	Балалардың сауықтыру және бейіндік лагерлерінде ауысымдарды ұйымдастыру	4	2	2
4.3	Сауықтыру және бейіндік лагерьде әр баланың күшті жақтарын мықты және дамыту әдістері мен әдістері	4	2	2
4.4	Балалар сауықтыру лагерінде «Оқуға күштар мектеп», «Дебаттар», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» жобаларын іске асыру әдістемесі	2	0	2
4.5	Балалардың сауықтыру және бейіндік лагерьде басқаруды ұйымдастырудың заманауи модельдері	2	0	2
4.6	Заманауи көшбасшы: дағдылары, көшбасшылық құзыреттері	2	2	0
4.7	Сауықтыру және бейіндік лагерьде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің инновациялық нысандары	4	2	2
4.8	Балалар бейіндік лагеріндегі балаларға арналған қимыл-қозғалыс және рөлдік ойындар	4	0	4
4.9	Сауықтыру және бейінді лагерь кезінде балалармен жұмыс атқару алгоритмі	2	2	0
4.10	Сауықтыру және бейінді лагерь жағдайындағы өмір сүру қауіпсіздігі	2	2	0
4.11	Сауықтыру және бейінді лагерьде ойындар мен жарыстарды өткізу әдістемесі	4	2	2
4.12	Балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасындағы коуч-технологиялар	4	2	2
4.13	Балалардың сауықтыру және бейінді лагерь ұйымының қызметіне әдістемелік қолдау	4	0	4
4.14	Тестілеу. Жобаларды қорғау	4	0	4
	Барлық академиялық сағаттар саны	80	36	44

19. Теориялық және практикалық сағаттар санын көрсете отырып, ұзақтығы 40 академиялық сағат болатын бағдарлама жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1.	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі	2	2	0
1.2	Балалар лагерлерінің қызметін және балалар демалысы мен сауықтыру саласын реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер	2	2	0
1.3	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негіздері	2	2	0
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Лагерьде уақытша балалар ұжымын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері	2	0	2
2.2	Әлеуметтік және тұлғааралық дау-дамайлар. Дау-дамайлардың түрлері және олардың құрылымы	2	0	2
3.	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Сауықтыру және бейіндік лагердің балалар ұжымымен педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	2	2	0
3.2	Цифрлық технологияның жаңа формалары мен түрлері: CapCut көмегімен оқу іс-шаралары бар бейнероликтерді редакциялау, топтық жұмысты орындау кезінде PhotoRoom фоторедакторы мен Leto Fonts әмбебап графикалық редакторын пайдалану, мобилография әдістерін қолдану: әлеуметтік желілерде орналастыру үшін сапалы видео түсіру және монтаждау	2	2	0
3.3	Балалар демалысы саласындағы маркетинг және коммуникация	2	0	2
3.4	Сауықтыру және бейіндік лагеріндегі педагогикалық менеджмент	2	2	0
4.	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	Балалар күндіз баратын мектеп жанындағы жазғы лагерінде жұмысты ұйымдастыру әдістемесі	2	0	2
4.2	Балалардың бейіндік лагерлерінде	2	0	2

	ауысымдарды ұйымдастыру			
4.3	Сауықтыру және бейіндік лагерьде әр баланың күшті жақтарын анықтау және дамыту әдістері мен әдістері	2	0	2
4.4	Балалар сауықтыру лагерьінде «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» жобаларын іске асыру әдістемесі	2	0	2
4.5	Сауықтыру және бейіндік лагерь саласында басқаруды ұйымдастырудың заманауи модельдері	2	0	2
4.6	Заманауи көшбасшы: дағдылары, көшбасшылық құзыреттері	2	2	0
4.7	Сауықтыру және бейіндік лагерьде қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс атқарудың инновациялық нысандары	2	2	0
4.8	Балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасындағы коуч-технологиялар	2	0	2
4.9	Сауықтыру және бейіндік лагерь ұйымының қызметіне әдістемелік қолдау	2	2	0
4.10	Тестілеу. Жобаларды қорғау	4	0	4
	Барлық академиялық сағаттар саны	40	18	22

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

20. Күтілетін нәтижелер педагогтердің кәсіби құзыреттерін кеңейтуге, балалардың жеке басын дамытуға бағытталған тәрбие және білім беру қызметінің сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық технологияларды зерделеуге, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге, балалардың жеке басын дамытуға бағытталған тәрбие және білім беру қызметінің сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық технологияларды зерделеуге бағытталған бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысты

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

21. Оқу процесін ұйымдастыру аудиториялық және қашықтықтан (онлайн) форматтағы сабақтарды өткізуді, сондай-ақ тыңдаушының дербес жұмысын көздейді. Сабақ кестесін жасау кезінде онлайн және офлайн режимдерінде қашықтықтан оқыту форматының ерекшелігі ескеріледі.

22. Курстың ұзақтығы – 80 немесе 40 академиялық сағат. Сабақ кестесін

жасау кезінде ғылым мен педагогикалық технологиялардың жаңартуларын ескере отырып, бағдарлама тақырыбына өзгерістер енгізуге жол беріледі.

23. Курстың білім беру процесі оқытудың интерактивті нысандарын қамтиды: пікірталастар, тренингтер, шеберлік сыныптары, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, воркшоп, шағын топтарда жұмыс істеу, жобаларды қорғау, тестілеу.

24. Бағдарлама дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдана отырып, мұғалімдердің шығармашылығын көрсету үшін қажетті жағдайларды ұсынады. Бағдарлама балаларға қосымша білім берудің жұмыс істеуі мен даму процесін заңнамалық және нормативтік-құқықтық, ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, практикалық қамтамасыз ету бойынша теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес сауықтыру және бейіндік лагерьлер қызметінің сапасын жетілдіру жөніндегі іс-қимылдардың мақсаттылығын, тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

25. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарының педагогтері мен бейіні бойынша мамандары.

7-бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

26. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – теориялық материалдармен, оқу материалын игеру жөніндегі тапсырмалармен, оларды өзін-өзі бағалау өлшемдерімен ұсынылған Бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдар.

27. Бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдар:

- оқу-әдістемелік құралдар;
- тренер / оқытушы / тьютор, тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар;
- дәріс материалдары;
- практикалық сабақтардың материалдары;
- білуін, меңгеруін, дағдысын бақылау материалдары;
- гlossарий;
- таныстырылым және үлестірмелі материалдар;
- практикалық сабақтардың әдістемелік материалдары;
- аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;
- республиканың қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің әдістемелік әзірлемелері;
- бейне сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар;
- интернет ресурстары;
- негізгі және қосымша әдебиеттер ретінде тыңдаушыларға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімі және басқалар.

Оқу-әдістемелік кешендер басылымдық (кітаптар, кітапшалар) нұсқада да,

электронды түрде де қолданылады.

28. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның модульдері бойынша:

1) нормативтік құқықтық модуль – Қазақстан Республикасының білім мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерімен;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – электрондық оқыту ресурстарымен (аудио, бейне материалдары, анимация және суретпен сипаттау), тренингтің, практикалық сабақтың әдістемелік материалдарымен;

3) теориялық-технологиялық модуль – оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша бағдарламалармен, білім мазмұнын жаңарту бойынша әдістемелік ұсынымдармен, оқу-әдістемелік құралдармен, оқу-анықтамалық (глоссарий, анықтамалық, сөздік және басқа) материалдарымен;

4) практикаға бағдарланған модуль – заманауи оқу-әдістемелік кешендердің, практикалық сабақтардың, шеберлік сыныптардың, бейне сабақтардың, тренингтердің, таныстыру материалдарының әзірлемелерімен;

5) әр модуль – басылып шыққан немесе электронды нұсқадағы дәрістердің материалдарымен іске асырылады.

29. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар алған білімдерін өзін - өзі бағалау критерийі ретінде практикада қолдану туралы шығармашылық жобаларды қорғайтын болады

8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

30. Курс соңында каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыратын педагогтер мен бейіні бойынша мамандардың білімдерін жаңарту, толықтыру және кәсіби құзыреттілік дағдыларын жетілдіру қарастырылады.

31. Оқу процесінің соңында тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында:

1) шығармалық жобаны презентациялау;

2) қорытынды тестілеу өткізіледі.

Білімді бағалау нәтижесінде максималды саны - 100 балл, ең аз саны – 50 балл.

Тест сұрақтарының жалпы саны – 20. Әрбір дұрыс жауап үшін 2 балл беріледі. Тест үшін барлығы – 40 балл. Тестілеудің шекті деңгейі – 20 балл.

Жоба қорғау – 40 балл.

Қосымша балл беріледі:

курсқа қатысқаны үшін – 10 балл;

сабақ кезіндегі белсенділігі үшін – 10 балл.

32. Курстың қорытындысы бойынша тест тапсырмалары (1-қосымша) мына білімге қатысты сұрақтарды қамтиды:

1) білім беру жүйесіндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;

2) каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтырылуын

ұйымдастыруды басқаруға заманауи тәсілдері;

3) сауықтыру және бейіндік лагерьлерде шығармашылық қызмет үдерісінде психологиялық-педагогикалық аспектілері;

4) балалардың демалысы мен сауығуын ұйымдастырудың инновациялық технологиялары мен әдістері.

33. Курс қорытындысы зерделенген модульдер бойынша жобаның таныстырылымын жеке немесе топта қорғауды көздейді.

34. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша тестті және жоба қорғауды бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінеді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдайды және жинақтайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын жеткіліксіз біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінбейді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдай алмайды және жинақтай алмайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау

35. Курс тыңдаушысының қызметін курстан кейінгі қолдау деп курстар шеңберінде алынған педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, оған курстан кейінгі кезеңде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған процесс жүргізіледі.

Бұл процестің нәтижесі педагогтің кәсіби тәжірибесін түсіну, теорияны практикаға енгізу, өзін-өзі дамытуды өзектендіру, кәсіби табыс, жеке даму болып табылады.

36. Педагогтерді курстан кейінгі қолдау курстан кейінгі кезеңде педагогтің кәсіби қызметінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу үшін қашықтық форматта жүзеге асырылады.

37. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды

дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (байқаулар, жарыстар, конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

38. Курстан кейінгі сүйемелдеу және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету әдістері мен тәсілдері анықталды.

Курстан кейінгі қолдау педагогтің курстарда қалыптастырылған құзыреттерді дамыту жөніндегі қызмет жоспарын (бұдан әрі – жоспар) әзірлеу және орындау арқылы іске асырылады.

39. Курстан кейінгі қолдау білім беру ұйымының деңгейін, өңірлік деңгейлерді және республикалық деңгейді қамтиды.

40. Білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ӘБ) педагогке жоспар әзірлеуде көмек көрсетеді.

Бірінші кезеңде білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар жоспарланады. Жоспар ӘБ-те талқыланады және оны ұйым басшысы бекітеді. Жоспар курстан кейінгі қолдау шеңберінде балаларға қосымша білім беру бағыттарына сәйкес педагог таңдау бойынша ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, вебинарлар, семинарлар, байқаулар, жарыстар, тренингтер, жеке және топтық консультациялар, жарияланымдар және т.б. әзірлеу мен өткізуді қамтиды (кемінде 3 іс-шара).

41. Екінші кезеңде педагог жоспарды жүзеге асырады, ал ӘБ педагогті сүйемелдейді: жоспарланған іс-шараларды әзірлеу кезінде кеңес береді, оларға қатысады, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады. Педагог әр іс-шара бойынша материалдарды әлеуметтік желілерде жариялайды.

42. Үшінші кезеңде педагог оқыту нәтижелерінің презентациясын педагог портфолиосын (немесе оның бөлімін), әдістемелік өнімді, әріптестерге арналған семинарды және т. б. ұсыну түрінде жүргізеді. Білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларды іске асырғаннан және оқыту нәтижелерін таныстырғаннан кейін ӘБ педагогке өз тәжірибесін ұйым деңгейінде дамытуды жалғастыруды немесе оны аудандық (қалалық), облыстық деңгейлерде ұсынуды ұсынуы мүмкін.

43. Ұйым деңгейінде өткізілген іс-шаралар оң нәтиже берген жағдайда педагог аудандық (қалалық), облыстық немесе республикалық деңгейдегі іс-шараларды жоспарлайды және іске асырады. Өңірлік ӘБ педагогке сөз сөйлеуге дайындалуға, практиканы ресімдеуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда әдіскерлер педагогтің сабақтарына қатысады, онымен өзара әрекеттеседі, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады.

44. Өңірлік деңгейде сәтті шығу, педагогикалық қоғамдастықтың практиканы қолдауы педагог тәжірибесін республикалық деңгейде таратуға, педагогті аудан (қала), облыс ӘБ-нің әдістемелік активіне қосуға мүмкіндік береді.

45. Республикалық деңгейде Курсты ұйымдастырушы жыл бойы курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастырады: педагогтердің республикалық

вебинарларға, семинарларға, байқауларға, жарыстарға, конференцияларға қатысуы, оқу-әдістемелік материалдарды «Қосымша білім беру және тәрбие» журналында, www.ziyatker.org сайтында жариялауға таратылады.

46. Курстарда оқыған педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау қорытындылары бойынша білім беру ұйымы курсты ұйымдастырушыға курстан кейінгі кезеңде педагогтің қызметі туралы жиынтық мәтіндік есепті жыл сайын бірінші жартыжылдықта 1 маусымға дейін, екінші жартыжылдықта 1 қазанға дейін жібереді.

10- бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

47. Курстың оқу процесін жүргізу барысында қолданылатын негізгі әдебиеттер тізбесі:

1) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ [ЭР] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>;

2) Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

3) Қосымша білім беру бағыттары бойынша жазғы сауықтыру және бейіндік лагерьлерде тәлімгерлердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2019 ж.;

4) Балалардың сауықтыру лагерьлерінің педагогикалық жасақтары үшін балалардың жазғы демалысы бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – "Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы" РМҚК, Астана, 2020 ж

5) Балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтарға арналған балалардың жазғы демалысы бойынша авторлық бағдарламалар жинағы – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, 2019ж.;

6) Балалар жазғы лагерьінде тәрбие және бейіналды жұмысты ұйымдастыру – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2020 ж.;

7) Шиеленістік жағдайларды шешу, толеранттылық және әр алуан мәдени ортада әрекеттесу бойынша әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру. Білім беру жүйесінің басшыларына, психологтарына, педагогтеріне және әлеуметтік қызметкерлеріне арналған әдістемелік құрал – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2019 ж.;

8) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2023 ж.;

9) Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп /

студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Нұр-Сұлтан, 2021 ж.;

10) «Орта білім беру ұйымдарында балалар қозғалысының («Мектептегі өзін-өзі басқару», «Жас қыран», «Жас Ұлан» жобалары) қызметін ұйымдастыру және үйлестіру» әдістемелік ұсынымдары» - «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2023 ж.

48. Курстың оқу процесін жүргізу барысында қолданылатын қосымша әдебиеттер тізбесі:

1) Каникул кезеңінде балалардың демалысын, сауықтырылуын, бос уақытын өткізуін және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Асакаева Д.С., Копбаева Г.С., Елешева С.М., Короткова О.Ф., Карағанды, 2015 ж.;

2) Жазғы лагерьде демалыс, шығармашылық және ойын іс-шараларын ұйымдастыру. С.И. Лобачева., Москва: ВАКО, 2007 ж.;

3) Балалар ұжымында команда құру: оқу-әдістемелік құрал. Данилов А. А., Новосибирск, 2013 ж.;

4) Балалар лагеріндегі тәрбие жұмысы. А.А. Маслов 2010 ж.;

5) Дау-дамай психологиясы. Гришина Н.В. М., 2008 ж.;

6) CRM-маркетингтік коммуникациялар кешенін қалыптастырудағы жүйелер // Маркетинг. Рошак., Багандов И. 2012 ж.;

7) Іскерлік қарым-қатынас психологиясы мен этикасы: бакалаврларға арналған оқулық. Г. В. Бороздина, Н. А. Кормнова. - М.: Юрайт, 2013 ж.;

8) Әлеуметтік медиа маркетингі. Халилов Д., - М.: «Манн, Иванов және Фербер». 2014 ж.;

9) Интернет-сайттың көздері: <https://bluescreen.kz/mobiloghrafiia-novyitriend-ili-riealnaia-monietizatsiia/>, <https://netology.ru/programs/praktika-soft-skills#/>